

Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет ұйымдарын, темір жол станцияларын, сондай-ақ физикалық-географиялық объектіні атау мен қайта атау және олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 маусым N 663

"Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281_ қаулысына сәйкес және Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдіктерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес білім беру және мәдениет ұйымдарына есімдер берілсін.
2. 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдары мен темір жол станциялары қайта аталсын.
3. 3-қосымшаға сәйкес темір жол станцияларының орыс тіліндегі атауларының транскрипциясы өзгертілсін.
4. Алматы облысының Іле Алатауындағы атауы жоқ 3750 метрлік биіктікке "Хабар шыңы" атауы берілсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 17 маусымдағы

N 663 қаулысына

1-қосымша

Көрнекті тарихи тұлғалардың, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, әртістердің, спортшылардың, педагогтардың есімдері берілетін білім беру және мәдениет ұйымдарының тізбесі

Қарағанды облысы бойынша

Ақтоғай ауданының Жаңаорталық орта мектебіне - халық әртісі Манарбек Ержановтың есімі;

Қостанай облысы бойынша

Қамысты ауданының Жайылма орта мектебіне - белгілі педагог Жасыбай Құтмұхамедовтың есімі;

Сарыкөл ауданының орталық кітапханасына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген кітапханашысы Нәзира Дәулетованың есімі;

Әулікөл ауданының Новонежин орта мектебіне - Батыржан Кенжетаевтың есімі;

Павлодар облысы бойынша

Ақтоғай ауданының Ақтоғай орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры, қоғам қайраткері Махмет Қайырбаевтың есімі;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Кентау қаласындағы балалар - жасөспірімдер спорт мектебіне - Сидней олимпиадасының чемпионы Бекзат Саттархановтың есімі;

Созақ ауданы Таукент кенттік округіндегі Жыныс орталау мектебіне - күйші-композитор Сүгір Әліұлының есімі;

Отырар ауданы Қарақоңыр ауылдық округіндегі Ильич бастауыш мектебіне - қоғам қайраткері Абдолла Жармұхамедовтің есімі;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Петропавл қаласындағы N 6 қазақ орта мектебіне - Қожаберген жыраудың есімі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 17 маусымдағы

N 663 қаулысына

2-қосымша

Қайта аталатын білім беру ұйымдарының және

темір жол станцияларының тізбесі

Ақмола облысы бойынша

Ақмола тасымалдау бөлімшесінің Ақсу темір жол станциясы - Алтынтау темір жол станциясы;

Жамбыл облысы бойынша

Байзақ ауданының Бурыл ауылдық округіндегі Ротный орта мектебі - Бурыл орта мектебі;

Байзақ ауданының Жалғызтөбе ауылдық округіндегі Киров атындағы орта

мектеп - Дикан орта мектебі;
Қарағанды облысы бойынша

Ақтоғай ауданы Нүркен ауылдық округіндегі Калинин атындағы орталау

мектеп - ақын Дәуітәлі Стамбеков атындағы орталау мектебі;

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Солонички темір жол станциясы -
Көкпекті темір жол станциясы;

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Большой металлургический темір жол
станциясы - Аққұдық темір жол станциясы;

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Ново-Дубовская темір жол станциясы
- Соқыр темір жол станциясы;

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Большая Михайловка темір жол
станциясы - Қарағанөзек темір жол станциясы;

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Айрин темір жол станциясы - Доңғал
темір жол станциясы;

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Новый путь темір жол станциясы -
Саумалкөл темір жол станциясы;

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Талдинка темір жол станциясы -
Бүркітті темір жол станциясы;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Шымкент қаласындағы N 75 орта мектеп - "Тәуелсіздіктің 10 жылдығы"
атындағы орта мектебі;

Ордабасы ауданының Шұбар ауылдық округіндегі "Ленин жолы" бастауыш
мектебі - "Ақбастау" бастауыш мектебі;

Төлеби ауданының Қаратөбе ауылдық округіндегі Жетімбота бастауыш
мектебі - "Аршалы" бастауыш мектебі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 17 маусымдағы

N 663 қаулысына

3-қосымша

Атауларының орыс тіліндегі транскрипциясы өзгертілетін

темір жол станцияларының тізбесі

Қарағанды тасымалдау бөлімшесі бойынша

станция Мурза - станция Мырза;

станция Нуринаская - станция Нура;
станция Жана ауыл - станция Жанааул;
станция Темир-Тау - станция Темиртау;
станция Тегиз-Жол - станция Тегисжол;
станция Караганда-Новая - станция Жана Караганды;
станция Караганда - станция Караганды;
станция Кара-Мурын - станция Карамурын;
станция Дарья - станция Дария;
станция Нельды - станция Нилды;
станция Агадырь - станция Акадырь;
станция Акчагыл - станция Акшагыл;
станция Моинты - станция Мойынты;
станция Бирюк - станция Буйрек;
станция Сары-Кум - станция Сарыкум;
станция Кок-Домбак - станция Кокдомбак;
станция Ащюзек - станция Ащюзек;
станция Тагын-Кара - станция Тагынкара;
станция Коктенколь - станция Коктинколи;
станция Жана-Арка - станция Жанаарка;
станция Монадырь - станция Мынадырь;
станция Кызыл-Джар - станция Кызылжар;
станция Туюмойнак - станция Туюмойнак.
станция Джекказган - станция Жекказган;

Павлодар тасымалдау бөлімшесі бойынша

станция Щербакты - станция Шарбакты;
станция Кургамыс - станция Куркамыс;
станция Экибастуз - станция Екибастуз;
станция Боцакуль - станция Бозшаколь;
станция Чидерты - станция Шидерты;
станция Майкаин - станция Майкайын;
станция Токубай - станция Токибай.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК